



АҚ Директорлар Кеңесі отырысының 2022 жылғы 15 тамыздағы № 22/2022 Хаттамасына №2 қосымша/
Annex No.2 to the Minutes No. 22/2022 of the JSC Board of Directors' meeting dated 15 August 2022.

«Еуропалық Сақтандыру Компаниясы» АҚ
Директорлар Кеңесінің Шешімімен
БЕКІТІЛДІ:
2022 жылғы «15» тамыздағы № 22/2022 Хаттама

«Еуропалық Сақтандыру Компаниясы» АҚ
Директорлар Кеңесінің Шешімімен
ӨЗГЕРІСТЕР ЕНГІЗІЛДІ:
2023 жылғы «18» тамыздағы № 26/2023 Хаттама

«Еуропалық Сақтандыру Компаниясы» АҚ
Директорлар Кеңесінің Шешімімен
ӨЗГЕРІСТЕР ЕНГІЗІЛДІ:
2026 жылғы «07» шілдедегі № 25/2026 Хаттама

**«ЕУРОПАЛЫҚ САҚТАНДЫРУ КОМПАНИЯСЫ» ӨМІРДІ САҚТАНДЫРУ КОМПАНИЯСЫ АКЦИОНЕРЛІК
ҚОҒАМЫНЫҢ
ӨМІРДІ ЖӘНЕ ЖАЗАТАЙЫМ ОҚИҒАЛАРДАН ЕРІКТІ САҚТАНДЫРУ БОЙЫНША ҚАҒИДАЛАРЫ.**

Алматы қаласы, 2026 жыл

ҚОЛДАНЫЛАТЫН ҰҒЫМДАР

Сақтандырушы - сақтандыру жағдайы басталған кезде Сақтандыру шартының талаптарына сәйкес сақтандыру сомасы шегінде сақтандыру төлемін жүзеге асыруға міндетті «Еуропалық Сақтандыру Компаниясы» Өмірді Сақтандыру Компаниясы Акционерлік Қоғамы;

Сақтанушы - Сақтандыру шартын жасасу сәтінде жасы 21 жастан асқан, ал Сақтандыру шартын аяқтау сәтіндегі шекті жасы 70 жастан аспауға тиіс, банкпен қарыз шартын және Сақтандырушымен Сақтандыру шартын жасасқан және ол бойынша сақтандыру сыйлықақысын төлейтін жеке тұлға. Сақтандыру шарты бойынша Сақтанушы Сақтандырылушы болып табылады;

Сақтандырылушы - өзіне қатысты сақтандыру жүзеге асырылатын тұлға;

Пайда алушы - Сақтандыру шартының талаптарына сәйкес сақтандыру төлемін алушы болып табылатын тұлға;

Банк - екінші деңгейдегі банк немесе микроқаржы қызметін жүзеге асыратын ұйым;

Сақтандыру жағдайы – оның басталуымен Сақтандыру шарты Сақтандыру шартының талаптарында көзделген тәртіппен сақтандыру төлемін жүзеге асыруды көздейтін оқиға.

Сақтандыру сыйлықақысы - Сақтанушы Сақтандырушыға Сақтандыру шартында айқындалған мөлшерде Сақтанушыға (Пайда алушыға) сақтандыру төлемін жүзеге асыру міндеттемелерін қабылдағаны үшін төлеуге міндетті ақша сомасы;

Сақтандыру сомасы - сақтандыру объектісі сақтандырылған және сақтандыру жағдайы басталған кезде Сақтандырушының жауапкершілігінің шекті көлемін білдіретін ақша сомасы. Сақтандыру сомасы Тараптардың келісімімен айқындалады және Сақтандыру шартында көрсетіледі.

Сақтандыру төлемі - Сақтандырушы сақтандыру жағдайы басталған кезде сақтандыру сомасы шегінде Пайда алушыға төлейтін ақша сомасы;

Сақтандыру шарты (бұдан әрі - Сақтандыру шарты немесе Сақтандыру полисі) - Сақтанушы сақтандыру сыйлықақысын төлеуге міндеттенетін, ал Сақтандырушы сақтандыру жағдайы басталған кезде Сақтандыру шартында белгіленген сақтандыру сомасы шегінде Пайда алушыға сақтандыру төлемін жүзеге асыруға міндеттенетін келісім;

Сақтандыру полисі (бұдан әрі - Сақтандырушы шарт немесе Сақтандыру шарты) - Сақтандыру шартында көрсетілген және осы Сақтандыру қағидаларының талаптарында Шарттың жасалғанын растайтын, Сақтандырушы Сақтанушыға беретін құжат;

Сақтандыру қорғанысы - Сақтандыру шартына сәйкес сақтандыру төлемін жүзеге асыру бойынша Сақтандырушының міндеттемелерінің жиынтығы;

Сақтандыру қорғанысының қолданылу кезеңі - Сақтандырушы Сақтандыру шартының талаптарына сәйкес сақтандыру төлемін жүзеге асыру бойынша міндеттемелерді көтеретін мерзім;

Жазатайым оқиға - Сақтандыру шартының қолданылу кезеңінде адамның еркіне қайшы келетін, Сақтандырылушының денесіне сыртқы механикалық, электрлік, химиялық немесе термиялық әсер ету нәтижесінде пайда болған, оның денсаулығына зиян келтіруге, мертігуге не өлімге әкеп соққан кенеттен болған, қысқа мерзімді оқиға (уақиға). Жазатайым оқиғаларға аурулардың, кәсіптік аурулардың кез келген нысандары мен түрлері жатпайды;

Еңбекке қабілеттілікті уақытша жоғалту (еңбекке уақытша жарамсыздық) - Сақтандырылушыға белгілі бір уақыт аралығында қандай да бір еңбек қызметімен айналысуға мүмкіндік бермейтін, еңбекке толық және абсолютті жарамсыздықты білдіреді. Еңбекке уақытша жарамсыздықты айқындау Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.

1. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

1.1. Осы өмірді және жазатайым оқиғалардан ерікті Сақтандыру қағидалары (бұдан әрі – Ережелер немесе Қағидалар) Қазақстан Республикасының (бұдан әрі - ҚР) қолданыстағы заңнамасына сәйкес әзірленді, сақтандыруды жүзеге асырудың жалпы талаптарын қамтиды және Сақтандырушының өмірді және жазатайым оқиғалардан ерікті сақтандыру шарттарын (бұдан әрі - Сақтандыру полисі немесе Сақтандыру шарты) жасасу тәртібін айқындайды.

1.2. Сақтандыру шарты бойынша Сақтанушының өмірі мен денсаулығы сақтандырылуы мүмкін.

1.3. Сақтандыру төлемін алу құқығы оның пайдасына Сақтандыру шарты жасалған тұлғаға тиесілі. Сақтандыру шарты Сақтандыру шартында көрсетілген Пайда алушының пайдасына жасалған болып есептеледі.

1.4. Сақтандыру шартында көзделген төлемдерді Сақтандырушы Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру және әлеуметтік қамсыздандыру бойынша алынатын жәрдемақылардың, зейнетақылардың және төлемдердің барлық түрлеріне, еңбек және өзге келісімдерге, басқа Сақтандырушылармен жасалған сақтандыру шарттарына және ҚР қолданыстағы заңнамасы бойынша зиянды өтеу тәртібімен оларға тиесілі сомаларға қарамастан жүргізеді.

2. САҚТАНДЫРУ ОБЪЕКТІЛЕРІ

2.1. Сақтандыру объектісі Сақтандыру шарты бойынша сақтандыру жағдайының туындауы салдарынан Сақтандырылушының өмірі мен денсаулығына зиян келтіруге байланысты Сақтанушының ҚР заңнамасына қайшы келмейтін мүлктік мүдделері болып табылады.

2.2. Мыналар сақтандыруға жатпайды және сақтандырылған тұлғалар болып табылмайды:

2.2.1. Сақтандыру шартын жасасу сәтіндегі жасы 21 жасқа толмаған,

2.2.2. Сақтандыру шарты аяқталған кезде шекті жасы 70 жастан асатындар,

2.2.3. Әрекетке қабілетсіздер.

2.3. Осы Қағидалардың 2.2.-тармағында көрсетілген адамдарға қатысты жасалған Сақтандыру шарты осындай Шарт жасалған сәттен бастап жарамсыз болып табылады, ал төленген сақтандыру сыйлықақылары қайтарылуға жатады.

3. САҚТАНДЫРУ ЖАҒДАЙЛАРЫНЫҢ ТІЗБЕСІ ЖӘНЕ САҚТАНДЫРУ СОМАЛАРЫН АЙҚЫНДАУ ТӘРТІБІ

3.1. Сақтандыру жағдайы Сақтандыру шартында көзделген, оның басталуымен Сақтандырушының Пайда алушыға сақтандыру төлемін жүргізу міндеті туындайтын, орын алған оқиға болып табылады. Сақтандыру жағдайы ретінде қарастырылатын оқиға оның пайда болу ықтималдығы мен кездейсоқтық белгілеріне ие болуы керек.

3.2. Сақтандыру шарты бойынша сақтандыру жағдайлары ретінде мынадай оқиғалар танылуы мүмкін:

3.2.1. Осы Қағидалардың «Сақтандыру жағдайларының ерекшеліктері» 4-бөлімінде көзделген оқиғалар нәтижесінде болған жағдайларды қоспағанда, Сақтандыру шарты бойынша сақтандыру қорғанысының қолданылу кезеңінде туындаған кез келген себеппен Сақтандырылушының қайтыс болуы (бұдан әрі – «Сақтандырылушының қайтыс болуы»);

3.2.2. Осы Қағидалардың «Сақтандыру жағдайларының ерекшеліктері» 4-бөлімінде көзделген оқиғалар нәтижесінде болған жағдайларды қоспағанда, жазатайым оқиға нәтижесінде еңбекке қабілеттілігінен уақытша айрылу (бұдан әрі – «Сақтандырылушының еңбекке қабілеттілігінен уақытша айрылуы»).

3.3. Осы тараудың 3.2.-тармағында көзделген оқиғалар, егер олар Сақтандыру шартының қолданылу кезеңінде орын алса және заңда белгіленген тәртіппен құзыретті органдар (медициналық мекемелер, МӘСК, сот және басқалар) берген құжаттармен расталса, сақтандыру жағдайлары деп танылады.

3.4. Сақтандырылушы қолданыстағы заңнамаға сәйкес қайтыс болды деп танылған жағдайда және егер Сақтандырылушының қайтыс болуы Сақтандыру шартында көзделген және осы Қағидалардың 4-бөлімінде көзделген ерекшеліктерге жатпайтын сақтандыру жағдайы болып табылса, Сақтандырушы Сақтандыру шартының талаптарына сәйкес сақтандыру төлемін төлейді. Егер қайтыс болғаннан кейін, сақтандыру төлемін төлегеннен кейін қандай да бір сәтте Сақтандырылушының әлі тірі екендігі анықталса, онда барлық сақтандыру төлемдері Сақтандырушыға толығымен өтелуі тиіс.

3.5. Сақтандыру сомасы Сақтандыру шартымен айқындалады. Сақтандыру сомасының ең төменгі мөлшері - 20 000 (жиырма мың) теңге. Сақтандыру сомасының ең жоғары мөлшері 10 000 000 (он миллион) теңгеден аспайды.

4. САҚТАНДЫРУ ЖАҒДАЙЛАРЫНДАҒЫ ЕРЕКШЕЛІКТЕР

4.1. Осы Қағидалардың 3.2.-тармағында көрсетілген оқиғалар сақтандыру жағдайлары болып танылмайды және егер олар тікелей немесе жанама түрде төмендегілердің салдарынан орын алса, Сақтандыру шартымен өтелмейді:

1. егер аталған аурулар сақтандыру жағдайының басталуына әсер еткен болса, ЖИТС, АИТВ-инфекциясы, онкологиялық аурулар, психикалық аурулар аурулары;

2. қажетті қорғаныс және аса қажеттілік жағдайында жасалған іс-әрекеттерді қоспағанда, Сақтанушының, Сақтандырылушының, Пайда алушының сақтандыру жағдайының туындауына бағытталған не оның басталуына ықпал ететін қасақана іс-әрекеттері;

3. егер сақтандыру жағдайы Шарттың қолданылу мерзімінің алғашқы екі жылында орын алса, өз-өзіне қол жұмсау;

4. Сақтандырылушының өзіне қасақана дене жарақатын келтіруі;

5. мемлекеттік билік органдары заңда белгіленген тәртіппен жариялаған әскери іс-қимылдар, жаппай тәртіпсіздіктер, төтенше немесе ерекше ережелер, олардың салдары, халық толқулары, ереуілдер, террористік актілер, ядролық жарылыс, радиация немесе радиоактивті немесе химиялық ластану;

6. табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайларды қоса алғанда, бірақ олармен шектелмей: жер сілкінісі, су тасқыны, өрт, көшкін, қар көшкіні, жанартау атқылауы, цунами;

7. оқиға басталған сәтте Сақтандырылушының алкогольдік, есірткілік, ұйтқұмарлық немесе өзге де мас күйінде болуы.

4.2. Осы Қағидалардың 4.1.-тармағында көзделген жағдайлардан басқа, Сақтандырушының сақтандыру төлемін жүзеге асырудан бас тартуы үшін төмендегілер негіз болып табылады:

1. Сақтанушының/Сақтандырылушының Сақтандыру шартын жасасу кезінде Сақтандырушыға сақтандыру объектісі, сақтандыру тәуекелі, сақтандыру жағдайы және оның салдары туралы көрінеу жалған мәліметтерді хабарлауы;

2. Сақтандыру шартында белгіленген мерзімдерде Сақтандырушыны сақтандыру жағдайының басталғаны туралы хабардар етпеу;

3. Сақтанушының Сақтандырушыға сақтандыру жағдайының басталу мән-жайларын тергеуге кедергі келтіруі;

4. ҚР қолданыстағы заңнамасында көзделген басқа да жағдайлар.

5. САҚТАНУШЫ, САҚТАНДЫРЫЛУШЫ

5.1. Сақтандыру шартын жасасу сәтінде жасы 21 жастан асқан, банкпен банктік қарыз шартын жасасқан жеке тұлға Сақтанушы бола алады. Сақтандырылушының Сақтандыру шарты аяқталған кездегі шекті жасы 70 жастан аспауға тиіс. Сақтандыру шарты бойынша Сақтанушы Сақтандырылушы болып табылады.

6. ПАЙДА АЛУШЫ

6.1. Сақтандыру шартының талаптары бойынша төмендегілер Пайда алушылар болып табылады:

6.1.1. Сақтандыру жағдайы бойынша Сақтандырылушының қайтыс болуы кезінде - Сақтандырылушының мұрагерлері;

6.1.2. жазатайым оқиға салдарынан еңбекке қабілеттілігінен уақытша айырылған жағдайда - Сақтанушы (Сақтандырылушы).

7. САҚТАНДЫРУ ШАРТЫНЫҢ МӘНІ

7.1. Сақтанушы Сақтандыру шартында көзделген мөлшерде, тәртіппен және мерзімде сақтандыру сыйлықақысын төлеуге міндетті.

7.2. Сақтандырушы сақтандыру жағдайы басталған кезде, Сақтандыру шартында көзделген мөлшерде, тәртіппен және мерзімдерде сақтандыру төлемін жүзеге асыруға міндетті.

7.3. Сақтандыру шарты қолданысының екінші жылынан бастап Сақтандырушы осы Қағидалардың 3.2.2.-тармақшасында көрсетілген сақтандыру тәуекелі бойынша тарифтің мөлшерін біржақты тәртіппен ұлғайтуға құқылы, бірақ жылына бір реттен артық емес. Жоғарыда көрсетілген сақтандыру тәуекелі бойынша тарифті өзгерту туралы шешім қабылданған жағдайда, Сақтандырушы Сақтанушыға хабарламаны (Сақтандырушыға ыңғайлы кез келген тәсілмен) жаңа (өзгертілген) тариф күшіне енген күнге дейін кемінде күнтізбелік 30 күн бұрын жібереді. Сақтанушы тариф өзгерген күннен бастап 60 күнтізбелік күн ішінде сақтандыру сыйлықақысының қосымша сомасын төлемеген жағдайда, тиісті сақтандыру тәуекелі бойынша сақтандыру сомасы тарифтің ұлғаюына кері пропорционал азайтылуға жатады.

8. САҚТАНДЫРУ ШАРТЫН ЖАСАСУ ТӘРТІБІ

8.1. Осы Қағидалардың талаптарымен Сақтанушының Сақтандыру шартын жасасуға өтініші негізінде де, ҚР қолданыстағы заңнамасына сәйкес оның келісімі негізінде де, қағаз жеткізгіште де, электрондық нысанда да Сақтандыру шартын жасасуға жол беріледі.

8.2. Сақтандыру шарты жазбаша нысанда Сақтандырушының Сақтанушыға сақтандыру полисін қосуы және ресімдеуі және (немесе) Тараптардың Сақтандыру шартын жасауы арқылы жасалады. Сақтанушының Сақтандыру Шартын жасасу туралы өтінішіндегі немесе Сақтандыру Шартындағы қолы оның Сақтандыру Ережелерімен (Қағидалармен) және Сақтандыру Шартының талаптарымен толық келісімін растау болып табылады.

8.3. Егер Сақтандыру шарты Сақтанушыны сақтандыруға арналған өтініштің негізінде ресімделетін жағдайларда, онда ол сақтандыру жағдайының туындау ықтималдығын айқындау үшін елеулі маңызы бар өзіне белгілі мәліметтерді, егер бұл мән-жайлар Сақтандырушыға белгісіз немесе белгілі болмауы тиіс болса, сақтандыру туралы өтініште хабарлауға міндетті. Кез келген жағдайда, сақтандыру тәуекелін бағалау кезінде сақтандыру жағдайының туындау ықтималдығына және ықтимал залалдардың мөлшеріне әсер етуі мүмкін, осы Қағидаларда нақты айтылған, сақтандыруға арналған өтініште немесе Сақтандырушының жазбаша сұрауларында көрсетілген мәліметтер елеулі мәліметтер деп танылады.

8.4. Егер Сақтандыру шартын жасасқаннан кейін Сақтанушы Сақтандырушыға осы Қағидалардың 8.4.-тармағында көрсетілген мән-жайлар туралы көрінеу жалған мәліметтерді хабарлағаны анықталса, Сақтандырушы Сақтандыру шартын жарамсыз деп тануды талап етуге құқылы. Бұл ретте Сақтандырушы Шарттың өтпеген мерзімі үшін сақтандыру сыйлықақысын не сақтандыру сыйлықақыларын, жұмсалған шығыстарды шегергенде, Сақтанушыға қайтарады, ал егер сақтандыру төлемі жүргізілген жағдайда – төленген соманы қайтаруды талап етуге құқығы бар.

8.5. Сақтандыру шартын (полисін) жасасу үшін Сақтанушы Сақтандыру Шартын жасасу туралы өтінішке қол қою немесе Сақтандыру шартын жасасуға келісім беру арқылы осы Қағидаларда және Сақтандыру шартында көзделген сақтандыру талаптарымен танысуға міндетті, осылайша Сақтанушы шарттың талаптарымен және Сақтандыру қағидаларымен танысқанын растайды.

8.6. Сақтанушы Сақтандыру шартын жоғалтқан жағдайда, Сақтандырушы Сақтанушының жеке сұрау салуы негізінде құжаттың телнұсқасын береді, содан кейін жоғалған Сақтандыру шарты Сақтанушының өтініші берілген сәттен бастап жарамсыз болып саналады және ол бойынша төлемдер жүргізілмейді.

Сақтандыру шартының қолданылу кезеңі ішінде Сақтандыру шарты қайта жоғалған кезде, Сақтандырушы Сақтанушыдан Сақтандыру шартын ресімдеу құнын өндіріп алуға құқылы.

8.7. Сақтандыру шартын жасасуға, орындауға және тоқтатуға/бұзуға байланысты Сақтандырушыға кімнен болса да белгілі болған Сақтанушы, Пайда алушы туралы барлық деректер құпия болып табылады және тек қана сақтандыру/қайта сақтандыру мақсатында пайдаланылуы мүмкін және егер ҚР қолданыстағы заңнамасында өзгеше көзделмесе, Сақтандырушы немесе оның өкілі жария етуге жатпайды.

8.8. Сақтандыру шартының нөмірі бірегей нөмір болып табылады және оны тек бір Шарт үшін пайдалануға болады. Сақтандыру шартында шарттың сериясы мен нөмірі, сондай-ақ Сақтандырушының фирмалық атауы болады.

8.9. Сақтандыру шарты күшіне енгеннен кейін Сақтандыру шарты, осы Қағидалар және осы Қағидаларда айтылған өзге де құжаттар Сақтандыру шартының ажырамас бөлігі болып табылады.

8.10. Сақтандыру шартын жасасу кезінде Сақтанушыға оның талабы бойынша Сақтандыру қағидаларының көшірмесі беріледі (жіберіледі), сондай - ақ Сақтандырушының және Банктің ресми интернет-ресурсында орналастырылады.

9. ТАРАПТАРДЫҢ ҚҰҚЫҚТАРЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ

9.1. Сақтандырушы міндетті:

9.1.1. Сақтандыру шартын жасасуға және орындауға байланысты Сақтанушы, Сақтандырылушылар, Пайда алушылар туралы ақпараттың құпиялылығын (сақтандыру құпиясын) сақтауға;

9.1.2. Сақтандыру жағдайы басталған кезде, Сақтандыру шартында белгіленген мөлшерде, тәртіппен және мерзімдерде сақтандыру төлемін жүргізуге;

9.1.3. Сақтанушыны осы Қағидалардың талаптарымен таныстыруға және оның талабы бойынша оның көшірмесін ұсынуға (жіберуге);

9.1.4. Сақтанушыға ол жоғалған жағдайда, Сақтандыру шартының телнұсқасын беруге;

9.1.5. Сақтанушы (Сақтандырылушы) немесе Пайда алушы не олардың өкілі сақтандыру төлемін жүзеге асыру үшін

қажетті барлық құжаттарды ұсынбаған жағдайда, оларды Сақтандыру шартында белгіленген мерзімде жетіспейтін құжаттар туралы хабардар етуге;

9.1.6. Осы Қағидалардың ережелерін және Сақтандыру шартын орындау тәртібімен өзге де әрекеттерді жүзеге асыруға міндетті.

9.2. Сақтандырушының құқығы бар:

9.2.1. Пайда алушыдан, оның ішінде Пайда алушы Сақтандырылушы болса, Сақтанушыға жүктелген, бірақ ол орындамаған міндеттерді қоса алғанда, Сақтандыру шарты бойынша міндеттерді орындауды, Пайда алушы сақтандыру төлемі туралы талап қойған кезде де, талап етуге құқылы. Бұрын орындалуы тиіс міндеттерді орындамау немесе уақтылы орындамау салдарларының тәуекелін Пайда алушы көтереді.

9.2.2. Сақтанушы хабарлаған деректер мен ақпараттың дұрыстығын ҚР қолданыстағы заңнамасына қайшы келмейтін кез келген тәсілмен тексеруге;

9.2.3. Сақтанушының (Сақтандырылушының) Сақтандыру шартының талаптарын және осы Қағидалардың ережелерін орындауын тексеруге;

9.2.4. Сақтандыру төлемі туралы шешім қабылдау үшін қажет болған жағдайда, сақтандыру жағдайының басталу мән-жайлары туралы құзыретті органдарға сұрау салулар жіберуге, сондай-ақ Сақтандырылушыдан (Пайда алушыдан) сақтандыру жағдайының басталу фактісі мен себебін растайтын қосымша мәліметтер мен құжаттарды ұсынуды талап етуге;

9.2.5. Сақтандыру жағдайының, қылмыстық істің немесе Сақтанушыға (Пайда алушыға) қатысты қозғалған әкімшілік құқық бұзушылық туралы істің белгілері бар оқиғаның басталу фактісі бойынша құзыретті органдар тиісті шешім қабылдаған сәтке дейін қозғалған жағдайда, сақтандыру төлемі туралы шешімді кейінге қалдыруға;

9.2.6. Сақтандыру жағдайы туралы толық ақпаратты және ол туралы растайтын құжаттарды алғанға дейін сақтандыру төлемін кейінге қалдыруға;

9.2.7. Егер Сақтанушы Сақтандырушыға сақтандыру объектісі, сақтандыру тәуекелі, сақтандыру жағдайы және оның салдары туралы көрінеу жалған мәліметтерді хабарлаған болса, ҚР қолданыстағы заңнамасына сәйкес сақтандыру төлемінен бас тартуға;

9.2.8. ҚР қолданыстағы заңнамасына қайшы келмейтін жағдайларда, Сақтанушы (Сақтандырылушы) осы қосымша талаптардың ережелерін және Сақтандыру шартын бұзған немесе тиісінше орындамаған жағдайда, Сақтандыру шартының жарамдылығына дау айтуға;

9.2.9. ҚР құзыретті органдары қызметкерлерінің негізсіз қорытындыларына және/немесе аталған органдар қызметкерлерінің Сақтандырылушының қайтыс болуы және еңбекке қабілеттілігінен айырылуы бойынша құжаттарды ҚР қолданыстағы заңнамасында көзделген тәртіппен заңсыз беруіне шағымдануға;

9.2.10. Осы Қағидалардың ережелерін және Сақтандыру шартын орындау тәртібімен өзге де әрекеттерді жүзеге асыруға құқылы.

9.3. Сақтанушы міндетті:

9.3.1. Сақтандыру шартын жасасу кезінде Сақтандырушыға сақтандыру жағдайының туындау ықтималдығын айқындау үшін өзіне белгілі барлық мән-жайлар туралы хабарлауға міндетті. Сақтандырушы Сақтандыру шартында нақты келіскен мән-жайлар елеулі деп танылады;

9.3.2. Сақтандыру шартында белгіленген мөлшерде және мерзімде сақтандыру сыйлықақысын төлеуге;

9.3.3. Сақтандыру жағдайының белгілері бар оқиға басталған сәттен бастап 30 (отыз) күн ішінде Сақтандырушыға сақтандыру жағдайының белгілері бар оқиғаның басталғаны туралы кейіннен барлық қажетті ақпаратты ұсына отырып және растайтын құжаттарды қоса бере отырып, жазбаша хабардар етуге;

9.3.4. Сақтандырушыға Сақтандыру шартының талаптарына енгізуге ниетті өзгерістер, толықтырулар немесе нақтылаулар туралы, оның ішінде Сақтанушының тұрғылықты жерін ауыстыру туралы жазбаша түрде хабарлауға;

9.3.5. Осы Қағидалардың, Сақтандыру шартының және Сақтанушы мен Сақтандырушы арасындағы осы құқықтық қатынастарды жасасуға, орындауға немесе тоқтатуға байланысты шарттық құқықтық қатынастарды бекітетін өзге де құжаттардың кез келген өзге ережелерін орындауға міндетті.

9.4. Сақтанушының құқығы бар:

9.4.1. Сақтандыру шарты жоғалған жағдайда оның телнұсқасын алуға;

9.4.2. Бұл туралы Сақтандырушыға міндетті түрде жазбаша хабарлай отырып, Сақтандыру шартын мерзімінен бұрын тоқтатуға құқылы.

9.5. Осы тарауда көзделген Тараптардың құқықтары мен міндеттері толық болып табылмайды. Сақтандыру шартында Тараптардың өзге де құқықтары мен міндеттері көзделуі мүмкін.

10. САҚТАНДЫРУ ШАРТЫНЫҢ ҚОЛДАНЫЛУ МЕРЗІМІ МЕН ОРНЫ

10.1. Егер Сақтандыру шартында өзгеше белгіленбесе, Сақтанушы Сақтандыру шарты бойынша сақтандыру сыйлықақысын төлеуді Сақтандыру шарты жасалған күннен кейінгі келесі жұмыс күнінен кешіктірілмейтін мерзімде, бір рет жүргізеді.

10.2. Сақтандыру шарты Сақтандырушының есеп шотына сақтандыру сыйлықақысы түскен күні күшіне енеді және егер Сақтандыру шартында өзгеше көзделмесе, Сақтандыру шартында көрсетілген күнге дейін қолданылады. Сақтандырудың нақты мерзімі Сақтандыру шартында белгіленеді, бірақ 24 айдан аспауы керек.

10.2. Сақтандыру қорғанысы (Сақтандырушының сақтандыру жағдайы басталған кезде сақтандыру төлемін жүзеге асыру міндеттемесі) Сақтандыру шарты күшіне енген сәттен бастап күшіне енеді.

10.3. Сақтандыру қорғанысы Қазақстан Республикасының аумағында да, одан тыс жерлерде де қолданылады.

11. САҚТАНУШЫНЫҢ, ПАЙДА АЛУШЫНЫҢ САҚТАНДЫРУ ЖАҒДАЙЫ БАСТАЛҒАН КЕЗДЕГІ ІС-ӘРЕКЕТІ

11.1. Сақтанушы (Пайда алушы) сақтандыру жағдайының белгілері бар оқиғаның басталғаны туралы білгеннен кейін, Сақтандырушыға бұл туралы сақтандыру жағдайының белгілері бар оқиға басталған күннен бастап отыз күн мерзімнен кешіктірмей жазбаша хабарлауға міндетті.

11.2. Егер Сақтанушы (Пайда алушы) дәлелді себептермен Сақтандырушыға жоғарыда көрсетілген мерзімдерде сақтандыру жағдайының басталғаны туралы хабарлау мүмкіндігіне ие болмаса, ол уақтылы хабарламаудың себебі туралы жазбаша түсініктеме беруі және оны құжатпен растауы тиіс. Уақтылы хабарламаудың дәлелді себептері: аурулар, стационарлық емделуде, іссапарда болу, сондай-ақ еңсерілмейтін күш мән-жайлары, төтенше және алдын алуға болмайтын мән-жайлар (форс-мажор), соның ішінде, бірақ онымен шектелмей: дүлей құбылыстар, әскери іс-қимылдар және т. б. болып танылуы мүмкін.

11.3. Сақтанушы және/ немесе Пайда алушы Сақтандырушыға сақтандыру жағдайының белгілері бар оқиғаның басталу мән-жайларын тергеуде жәрдем көрсетеді және Сақтандырушыға оның сұрауы бойынша осы оқиғаға байланысты, оның ішінде коммерциялық немесе дәрігерлік құпияны құрайтын мәліметтерді беруге міндетті.

11.4. Пайда алушы құжаттар топтамасын толық ұсынбаған жағдайда, Сақтандырушы жетіспейтін құжаттарды беру қажеттілігі туралы Пайда алушы алғаш рет ұсынған құжаттарды алған сәттен бастап 10 (он) жұмыс күні ішінде хабардар етеді.

12. САҚТАНДЫРУ ЖАҒДАЙЫНЫҢ БАСТАЛҒАНЫН РАСТАЙТЫН ҚҰЖАТТАРДЫҢ ТІЗБЕСІ, САҚТАНДЫРУ ТӨЛЕМІ /ОДАН БАС ТARTУ ТУРАЛЫ ШЕШІМ:

12.1. Сақтанушы (Пайда алушы) Сақтандырушыға сақтандыру жағдайының басталу фактісін растайтын барлық қажетті құжаттарды ұсынуға міндетті. Сақтандыру төлемі туралы шешім қабылдау үшін Сақтандырушыға мынадай құжаттар ұсынылуы тиіс:

- сақтандыру жағдайының белгілері бар болған оқиғаның, орын алған оқиғаның мән-жайлары туралы толық ақпаратты көрсете отырып, сақтандыру жағдайының басталуы және сақтандыру төлемі туралы өтініштің түпнұсқасы;
- Сақтандыру шарты;
- өтініш беруші мен сақтандыру төлемін алушының жеке басын куәландыратын құжат;
- Пайда алушының толық банктік деректемелері;
- Пайда алушының сақтандыру төлемін алу құқығын растайтын құжат.

12.2. Сақтанушы қайтыс болған жағдайда, осы Қағидалардың 12.1.-тармағындағы құжаттар тізбесіне қосымша төмендегі құжаттар берілуі тиіс:

- қайтыс болу туралы куәліктің көшірмесі;
- Сақтанушының қайтыс болғаны туралы медициналық куәлік;
- зерттеу/ашу жүргізген орган куәландырған сот-медициналық зерттеу актісі немесе патологиялық-анатомиялық ашу хаттамасы (егер ашу жүргізілген болса);
- болған оқиғаның мән-жайлары мен себептеріне тергеу жүргізген мемлекеттік құзыретті органдар берген құжаттар;
- амбулаториялық және/немесе стационарлық науқастың медициналық картасынан үзінді;
- егер сақтандыру жағдайы Сақтандырылған тұлғаның қызметтік міндеттерін атқаруы кезінде орын алса, жұмыс орны бойынша жасалған өндірістегі жазатайым оқиға туралы акт;
- өлімнен кейінгі эпикриз;

12.3. Сақтандырылушының жазатайым оқиға салдарынан еңбекке қабілеттілігін уақытша жоғалтқан жағдайда, осы Қағидалардың 12.1.-тармағындағы құжаттар тізбесіне қосымша төмендегі құжаттар берілуі тиіс:

- егер денсаулық сақтау органдарының қолданыстағы нормативтік құжаттарына сәйкес Сақтандырылушыға еңбекке жарамсыздық парағы берілмесе, Сақтандырылушының жұмыс орны бойынша кадрлар бөлімі куәландырған еңбекке жарамсыздық парақтарының көшірмелері немесе емдеу ұзақтығын растайтын белгіленген нысандағы анықтама;
- Сақтандырылушының сақтандыру жағдайын анықтауға сәйкес келетін, алған дене жарақаттарын растайтын медициналық мекеменің құжаттары (оның ішінде, бірақ онымен шектелмей, травматологиялық пункттен алынған анықтама, рентгенографиялық зерттеулердің нәтижелері);
- ем аяқталғаннан кейін амбулаториялық және/немесе стационарлық науқастың медициналық картасынан үзінді (027/у нысаны);
- Сақтандырылушының еңбекке қабілеттілігін уақытша жоғалтқан жағдайда, ұзақтығы 21 күннен артық болғанда, оның туындау себептерін көрсете отырып (035-1/е нысаны бойынша) Сақтандырылушының денсаулығына зиян келтірудің сипаты мен дәрежесі туралы ақпаратты қамтитын дәрігерлік-консультациялық комиссия қорытындысының көшірмесі.

12.4. Сақтандыру төлемі туралы мәселені шешу үшін барлық құжаттар Сақтандырушыға мемлекеттік немесе орыс тілінде (егер мұндай құжаттардың түпнұсқалары басқа тілдерде болса, нотариалды куәландырылған аудармасымен) түпнұсқалар немесе оған уәкілетті тұлға (құжатты берген орган/ұйым, нотариус) куәландырған көшірмелер түрінде ұсынылады.

12.5. Егер сақтандыру жағдайының мән-жайлары немесе оған келтірілген залалдың мөлшері белгілі немесе айқын болса, Сақтандырушы ұсынуға міндетті құжаттардың тізбесін қысқартуға құқылы.

12.6. Егер құқық қорғау органдары Сақтандырылушының қайтыс болу фактісі бойынша қылмыстық іс қозғау туралы мәселені қараған жағдайда, Сақтандырушы сондай-ақ қылмыстық іс қозғаудан бас тарту туралы қаулыны не құқық қорғау органдарының қылмыстық іс қозғау туралы қаулыны немесе аталған органдардың немесе соттың қылмыстық

ісін тоқтату туралы қаулыны не сот үкімін талап етуге құқылы.

12.7. Егер ұсынылған құжаттар сақтандыру жағдайының басталу фактісі мен егжей-тегжейін, Пайда алушының сақтандыру төлемін алу құқығын анықтауға мүмкіндік бермесе, Сақтандырушы қосымша құжаттарды сұратуға құқылы.

13. САҚТАНДЫРУ ТӨЛЕМІНІҢ МӨЛШЕРІ, САҚТАНДЫРУ ТӨЛЕМІН ЖҮЗЕГЕ АСЫРУ ТӘРТІБІ МЕН ТАЛАПТАРЫ

13.1. Егер Сақтандыру шартында Тараптар өзге талаптарды айқындамаса, осы Қағидаларда сақтандыру төлемдерінің мынадай мөлшері айқындалған:

13.1.1. «Сақтандырылушының кез келген себеппен қайтыс болуы» сақтандыру жағдайы бойынша сақтандыру төлемінің мөлшері Сақтандыру шартында көрсетілген сақтандыру сомасына тең. Сақтандыру сомасы банктік қарыз сомасына тең. Бұл ретте, орын алған сақтандыру жағдайы бойынша сақтандыру төлемінің мөлшері Сақтандыру шартында айқындалған сақтандыру сомасының мөлшерінен аспауға тиіс.

13.1.2. Егер Сақтандыру шартында өзгеше белгіленбесе, «жазатайым оқиға салдарынан Сақтандырылушының еңбекке уақытша жарамсыздығы» тәуекелі бойынша сақтандыру сомасы «Сақтандырылушының кез келген себеппен қайтыс болуы» тәуекелі бойынша сақтандыру сомасының 10%-н құрайды. «Жазатайым оқиға салдарынан Сақтандырылушының еңбекке уақытша жарамсыздығы» сақтандыру жағдайы бойынша сақтандыру төлемінің мөлшері – «жазатайым оқиға нәтижесінде Сақтандырылушының еңбекке уақытша жарамсыздығы» тәуекелі бойынша сақтандыру сомасының 50%-на тең, егер аурухана парағының мерзімі 3-тен 30 күнді қоса алғанға дейін мерзімде болса, ал егер аурухана парағының мерзімі 30 күннен асса, «жазатайым оқиға салдарынан Сақтандырылушының еңбекке уақытша жарамсыздығы» тәуекелі бойынша сақтандыру сомасының 100%-на тең.

13.2. Сақтандырушы барлық қажетті құжаттарды алғаннан кейін 10 (он) жұмыс күнінен кешіктірмей, осы Қағидаларда көрсетілген сақтандыру төлемі үшін және Сақтандырушының сұрау салуына сәйкес сақтандыру төлемін жүзеге асыру туралы шешім қабылдауға не Пайда алушыға сақтандыру төлемінен жазбаша дәлелді бас тартуды ұсынуға міндетті. Егер сақтандыру төлемін жүзеге асыру туралы шешімді белгіленген мерзімде қабылдау мүмкін болмаған жағдайда, ұсынылған құжаттарға қосымша ақпарат не мәліметтер талап етіледі, Сақтандырушы сақтандыру төлемін жүзеге асыру мерзімдерін ұзарту қажеттілігінің себептерін түсіндіре отырып, Сақтанушыны (Сақтандырылушыны, Пайда алушыны) хабардар етеді. Бұл ретте, Сақтандырушы сақтандыру төлемін жүзеге асыруға арналған құжаттарды қараудың шекті мерзімі күнінен бастап 15 (он бес) жұмыс күнінен аспайтын мерзімде сақтандыру төлемін жүзеге асыруды қамтамасыз етеді.

13.3. Сақтандырушы сақтандыру жағдайы бойынша құжаттардың толық емес топтамасын алған жағдайда, Сақтандырушы құжаттардың толық емес топтамасын алған күннен бастап 10 (он) жұмыс күні ішінде Сақтанушыны/Пайда алушыны немесе оның өкілін сақтандыру төлемін жүзеге асыру үшін қажетті жетіспейтін құжаттар туралы хабардар етеді.

13.4. Сақтандыру төлемі сақтандыру төлемін жүзеге асыру туралы шешім қабылданған күннен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде Пайда алушының банктік шотына қолма-қол ақшасыз төлеммен жүзеге асырылады.

13.5. Егер құқық қорғау органдары немесе соттар Сақтандырылушының қайтыс болу немесе оның еңбекке қабілеттілігінен айырылу фактісі бойынша тиісті шешім қабылдаса, Сақтандырушы осы тараудың 13.2.-тармағында көрсетілген мерзімді осындай шешім қабылданған күнге дейін ұзартуға құқылы.

13.6. Сақтандыру төлемі ҚР ұлттық валютасында, сақтандыру төлеміне өтініште көрсетілген Пайда алушының ағымдағы шотына қолма-қол ақшасыз төлеммен жүргізіледі. Сақтандыру төлемін жүзеге асыру бойынша шығыстар, егер төлем немесе аударым ҚР шегінде жүзеге асырылса, Сақтандырушының есебінен жүргізіледі.

14. САҚТАНДЫРУ ШАРТЫНА ӨЗГЕРІСТЕР МЕН ТОЛЫҚТЫРУЛАР ЕНГІЗУ

14.1. Сақтандыру шартына өзгерістер мен толықтырулар Сақтанушы Сақтандырушыға ұсынатын өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы өтініш негізінде жүзеге асырылады.

14.2. Сақтандыру шартына өзгерістер мен толықтырулар, Сақтандырушы осындай енгізуге келіскен жағдайда, жазбаша нысанда енгізіледі және төмендегі мерзімдерде күшіне енген болып есептеледі:

14.2.1. Сақтандыру шартында тікелей көрсетілген (көрсетілетін) мәліметтерге қатысты - Тараптар қосымша келісімге қол қойған күннен бастап;

14.2.2. өзге жағдайларда - егер көрсетілген Қосымша келісімде өзгеше айқындалмаса, Сақтандырушы мен Сақтанушы қол қойған Сақтандыру шартына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы Қосымша келісімде көрсетілген күннен бастап.

15. САҚТАНДЫРУ ШАРТЫНЫҢ ҚОЛДАНЫЛУЫН ТОҚТАТУ

15.1. Сақтандыру шартының қолданылуы мынадай жағдайларда тоқтатылады:

15.1.1. Сақтандыру шартының қолданылу мерзімі өткенде;

15.1.2. Сақтандырушы Сақтандыру шарты бойынша өз міндеттемелерін толық көлемде орындағанда;

15.1.3. Сақтандырушы сақтандыру жағдайы бойынша сақтандыру төлемін жүзеге асырған кезде, Сақтандырылушының кез келген себеппен қайтыс болуы кезінде;

15.1.4. Сақтандырушыны ҚР заңнамасында көзделген тәртіппен тарату кезінде;

15.1.5. Тараптардың келісімі бойынша;

15.1.6. Сот шешімі бойынша.

15.2. Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасында немесе Сақтандыру шартында көзделген

міндеттемелерді тоқтатудың жалпы негіздерінен басқа, Сақтандыру шарты Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексіндегі (бұдан әрі – ҚР АҚ) 841-бабының 1-тармағында көзделген жағдайларда мерзімінен бұрын тоқтатылады. Сақтандыру шарты мерзімінен бұрын бұзылған кезде, егер бұл ҚР АҚ 841-бабының 1-тармағында көрсетілген мән-жайларға байланысты болмаса, егер Сақтандыру шартының талаптарында немесе ҚР қолданыстағы заңнамасында өзгеше көзделмесе, сақтандыру сыйлықақысы қайтарылуға жатпайды.

15.3. Егер сақтандыру сыйлықақысын үшінші тұлға төлесе және Сақтанушы немесе үшінші тұлға Сақтандырушыдан қате аударылған ақшаны қайтаруды талап етсе, Сақтандырушы осы ақша сомасын осындай үшінші тұлғаның шотына қайтаруға құқылы. Бұл жағдайда Шарт күшіне енген болып саналады.

16. БАСҚА ТАЛАПТАР

16.1. Сақтандырушы Сақтанушыға оның орналасқан жері немесе Сақтанушы көрсеткен тұрғылықты жері бойынша хабарлама жібереді.

16.2. Тұрғылықты жері өзгерген кезде, Сақтанушы өзінің жаңа мекенжайын Сақтандырушыға он күн мерзімде хабарлауға міндетті. Әйтпесе, Сақтанушының бұрынғы тұрғылықты жеріне жіберілген кез келген жазбаша хабарламалар, хаттар және басқа құжаттар тиісті түрде жіберілген болып саналады.

16.3. Егер Сақтанушының тұрғылықты жері ҚР шегінен тыс болса, онда Сақтанушы Сақтандырушыға Сақтанушыға хат-хабарды жеткізуге жауапты ҚР-дағы уәкілетті тұлғаны көрсетуге міндетті.

16.4. Сақтандыру шартына қатысты кез келген хабарлама, өтініш, хабарлама, түсініктеме жазбаша нысанда орындалуға және оның жөнелтілгенін растауға мүмкіндік беретін тәсілмен жіберілуі тиіс.

16.5. Сақтандыру шартымен реттелмеген Тараптар арасындағы қатынастар ҚР қолданыстағы заңнамасына сәйкес регламенттеледі.

16.6. Еңсерілмейтін күш (форс-мажор) мән-жайлары туындаған кезде, Сақтандырушы сақтандыру шарттары бойынша міндеттемелердің орындалуын кешіктіруге құқылы немесе оларды орындаудан босатылады. Еңсерілмейтін күш (форс-мажор) мән-жайлары деп Тараптар мыналарды түсінеді: әскери іс-қимылдар және олардың салдары, террористік актілер, азаматтық толқулар, ереуілдер, көтерілістер, тәркілеу, реквизициялау, азаматтық немесе әскери биліктің өкімі бойынша мүлікті тұтқындау, жою немесе бүлдіру, төтенше немесе ерекше жағдай енгізу, бүліктер, путчтар, мемлекеттік төңкерістер, қастандықтар, көтерілістер, революциялар, атом энергиясының әсері.

16.7. Сақтанушының барлық ұсынылған жеке ақпараты, қажет болған жағдайда, денсаулық жағдайы туралы ақпаратты қоса алғанда, тәуекелді бағалау, Сақтандыру шарты бойынша төлемдерді төлеу мақсаттары үшін уәкілетті медициналық ұйымдарға, сақтандыру агенттеріне, заңгерлерге және өзге де консультанттарға, сондай-ақ ҚР-дағы, сондай-ақ оның шекарасынан тыс жерлердегі басқа да уәкілетті сақтандыру және қайта сақтандыру компанияларына берілуі мүмкін.

16.8. Қосымша ақпаратты Сақтандырушыдан оның орналасқан жері бойынша алуға болады.

16.9. Сақтандыру шартына қол қоя отырып, Сақтанушы деректерді өңдеуді қоса алғанда, 16.7.-тармақта баяндалған мақсаттарда жоғарыда аталған барлық ұйымдарға жеке ақпаратты беруге келісім береді.

16.10. Осы Қағидалармен және Сақтандыру шартымен реттелмеген мәселелер ҚР заңнамасына сәйкес реттеледі.

16.11. Сақтандыру шартын жасасқан Тараптар арасындағы барлық даулар дауды сотқа дейінгі реттеу тәртібі арқылы шешілуі тиіс.

16.12. Дау туындаған жағдайда, Тараптардың бірі дауды соттан тыс тәртіппен реттеу қажеттігін көрсете отырып, екінші Тарапқа жазбаша талап жібереді. Жоғарыда көрсетілген талапты алған Тарап оны алған күннен бастап 15 (он бес) жұмыс күнінен кешіктірілмейтін мерзімде қарайды.

16.13. Егер жоғарыда көрсетілген мерзімде талапты жіберген Тарап екінші Тараптан жазбаша жауап алмаса немесе Тараптар арасында даудың мәні бойынша келісімге қол жеткізілмеген жағдайда, дау Сақтандырушының орналасқан жері бойынша ҚР заңнамасына сәйкес сот тәртібімен шешілуі тиіс.